

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламент Мәжілісінің
"Ақ жол" фракциясының
депутаттарына

19.01.2023 жылғы №ДЗ-24 депутаттық сауалына

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк),
19.01.2023 жылғы №ДЗ-24 сауалын қарап, келесіні хабарлайды.

1. Инфляция және ақша-кредит саясаты бойынша

Экономиканың орнықты дамуы мен халықтың әл-ауқатының өсуі үшін негізгі алғышарттардың бірі дәйекті және тиімді макроэкономикалық, фискалдық және ақша-кредит саясатын жүргізу арқылы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Төмен және тұрақты инфляция экономика субъектілерінің болашаққа деген сенімін арттырады, халыққа жинақ туралы шешім қабылдауға, ал кәсіпорындарға өз қызметі мен инвестицияларын ұзақ мерзімге жоспарлауға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, бұл ұзақ мерзімді инвестициялардың өсуіне және экономиканың теңгерімді дамуына әкеледі.

Әлеуметтік әл-ауқат пен экономикалық даму үшін маңызды жағдайларды қалыптастыра отырып, ақша-кредит саясаты, дегенмен, экономикалық өсудің негізгі көзі бола алмайды. Тұрақты өсудің іргетасын нығайту, экономиканы әртараптандыру, оның сыртқы жағдайларға тәуелділігін төмендету үшін мемлекеттік қаржының тұрақтылығын сақтай отырып, құрылымдық саясат шаралары шешуші мәнге ие болады.

Ақша-кредит саясатының шаралары экономикадағы ұзақ мерзімді тенденциялардан, соның ішінде әртүрлі макроэкономикалық шоктардың әсерінен туындайтын, ауытқуларды тегістеу үшін тиімді.

Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдау кезінде Ұлттық Банк нақты секторға әлеуетті ықпалды ескереді, егер бұл Ұлттық Банктің негізгі функцияларын орындауға қайшы келмесе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – Үкімет) экономикалық саясатын іске асыруға жәрдемдеседі. Осыған байланысты, экономиканың баяулауы бағаның жоғары өсуімен қатар жүретін стагфляциялық сценарийді болдырмау үшін Ұлттық Банк дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізеді. Бұл саясат мүлдем негізделген және проинфляциялық факторлардың басым болуымен сипатталатын жағдайларда толығымен негізделген және барабар болып табылады.

Базалық мөлшерлеме деңгейін белгілеу арқылы Ұлттық Банк бағаның өсуіне белгілі бір уақыттан кейін (1-2 жыл) ғана әсер етеді. Тиісінше, жақын болашақта инфляцияны бәсеңдету және жоспарлы түрде төмендету үшін базалық мөлшерлеме ағымдағы деңгейде сақталатын болады.

Жоғары базалық мөлшерлеменің Кредиттеу қарқынына елеулі теріс әсері байқалмайды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Екінші деңгейдегі банктерден экономикаға кредиттер 22,8 трлн теңгені құрды. 2022 жылғы өсім 23,3%-ды құрды. Заңды тұлғаларға берілетін кредиттер де 11,5%-ға 8,7 трлн теңгеге дейін өсті, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін кредиттер 22,8%-ға 4,5 трлн теңгеге дейін өсті.

Нақты сектордың даму параметрлері де нашарлау белгілерін көрсетпейді. Алдын ала деректер бойынша 2022 жылы Қазақстанның ЖІӨ өсімі 3,1%-ды құрды. Кәсіпкерлік белсенділік артып келеді. Мысалы, 2022 жылы 507 мың кәсіпорын тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,3%-ға артық. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны да 13,2%-ға өсті.

Ағымдағы жағдайларда ақша-кредит саясатын жеңілдету орынсыз. Экономикалық өсуге ықтимал қысқа мерзімді оң әсерге қарамастан, ол елеулі теріс салдарға әкеледі:

1) Жоғары инфляциямен салыстырғанда ақша нарығындағы теңгелік активтердің негізсіз төмен кірістілігі қаржы нарығының кәсіби қатысушыларында да, халық арасында да валюталық артықшылықтардың өзгеруіне себеп болады, бұл, өз кезегінде, девальвациялық күтулердің өсуіне және теңгенің әлсіреуіне әкеп соғады. Нәтижесінде долларландыру процесі қайта басталып, инфляциялық процестер күшейе түседі. Сонымен қатар теңгелік депозиттерден қаражаттың кетуі нәтижесінде банк жүйесінің ресурстық базасы төмендейді. Бұл қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бөлігінде тәуекелдерді айтарлықтай арттырады.

2) Базалық мөлшерлеменің төмендеуі банктік несиелер мөлшерлемелерінің салыстырмалы түрде төмендеуіне әкелмеуі мүмкін. Инфляция мен инфляциялық күтулердің өсуі, несиелерге жоғары сұраныс және сапалы қарыз алушылардың тез сарқылуы тәуекел сыйлықақысының өсуіне ықпал етеді.

3) Экономика субъектілерінің қалаулары тұтыну жағына қарай ауысатын болады. Жоғары тұтыну сұранысы инфляциялық процестерді одан әрі жеделдетеді және сайып келгенде халықтың нақты табысын төмендетеді.

2. Экономикаға мемлекеттік қатысу, нарықтық қаржыландыру және банк секторындағы бәсекелестікті арттыру мәселелері бойынша

Ұлттық Банк сауалда ұсынылған құрылымдық қайта құрулардың қажеттілігі туралы ұстаныммен келіседі және өз тарапынан мынадай мәселелердің маңыздылығын атап өтеді: импортқа тәуелділікті төмендету, мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту, нарықтық қаржыландыру үлесін арттыру, фискалдық саясаттың теңгерімділігін арттыру және экономиканы қолдаудың мемлекеттік тетіктерін қайта қарау. Бұл экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар Ұлттық Банк жүргізетін ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыра отырып, инфляцияны бақылауды айтарлықтай жақсартады. 2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясатының Стратегиясына сәйкес Үкіметпен бірлесіп аталған бағыттар бойынша шараларды жоспарлы іске асыру басталды.

Экономиканы кредиттеуге мемлекеттің қатысу үлесін төмендету шеңберінде Ұлттық Банк, өз тарапынан, мемлекеттік бағдарламалардан шығу процесін жалғастыруда. Бұл экономиканы қолдау шараларына одан әрі қатысу оның міндеттеріне қайшы келетіндігіне және баға тұрақтылығын қамтамасыз етудің елеулі тәуекелдеріне алып келетіндігіне байланысты маңызды. 2021 жылы 7 бағдарламаның 5-ін қаржыландыру тоқтатылды. Аяқталған бағдарламалардың бюджеті 2,6 трлн. теңге құрды.

Болашақта тағы 2 бағдарлама аяқталады деп күтілуде:

– ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген "Әділ Қазақстан – барлығы және әрқайсысы үшін. Қазір және мәңгі" Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалғастырылатын болатын "7-20-25" бағдарламасы;

– Импортты алмастыруға және жаңа өндірістер құруға бағытталған "Қарапайым заттар экономикасы". Ұзартуды ескере отырып, бағдарлама 2023 жылдың соңына дейін жұмыс істейді.

Болашақта Ұлттық Банктің жеңілдетілген қаржыландыру жобаларына қатысуы жоспарланбайды. Ұлттық Банк нарықтық жағдайларда қаржы секторы субъектілерінің экономиканы кредиттеуі үшін қажетті жағдайлар мен ынталандырулар жасау жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Сонымен қатар, Үкімет, Ұлттық Банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) арасындағы 2021 – 2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы Келісімде¹ бес жылдық кезеңге Жол картасын әзірлеу арқылы кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдауды кезең-кезеңімен тоқтату көзделгенін атап өткен жөн.

Орта мерзімді перспективада Жол картасын іске асыру мемлекеттің кәсіпкерлікті қаржылық қолдау көлемін қысқартуға және экономиканы қолдау

¹ ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 23 ақпандағы №90 қаулысымен бекітілген.

мен дамытудың жанама, ақшалай емес құралдарына көшуге ықпал ететін болады.

Жекелеген институттардың үстем жағдайы мәселесін шешу және қаржы нарығында бәсекелестікті күшейту үшін (Агенттік тарапынан және Ұлттық Банктің қатысуымен бірлескен бастамалар) мынадай іс-шаралар көзделген немесе іске асырылған:

– ірі МҚҰ-ды банктерге айырбастаудың жеңілдетілген механизмі енгізілді;

– Қазақстанның ДСҰ-на кіруі шеңберінде филиалдар ашу арқылы шетелдік банктердің кіруіне рұқсат етілді;

– қаржы нарығының барлық қатысушыларына тең бәсекелестік мүмкіндіктер беру үшін Open API және Open Banking технологияларын енгізу іске асыру сатысында;

– коммерциялық қаржы маркетплейстерін құруды ынталандыру шаралары жоспарлануда.

Төраға

Ғ. Пірматов

Орынд.: Джаржанов М., тел.: +7 (717) 2775606 (1719)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ _____

**Депутатам фракции «Ақ жол»
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан**

На депутатский запрос №ДЗ-24 от 19.01.2023 года

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев запрос №ДЗ-24 от 19.01.2023 года, сообщает следующее.

1. По инфляции и денежно-кредитной политике

Одним из ключевых предпосылок для устойчивого развития экономики и роста благосостояния населения является обеспечение ценовой стабильности путем проведения последовательной и эффективной макроэкономической, фискальной и денежно-кредитной политики. Низкая и стабильная инфляция повышает уверенность субъектов экономики в будущем, позволяет населению принимать решения о сбережениях, а предприятиям планировать свою деятельность и инвестиции на более длительный период. В конечном итоге, это приводит к увеличению долгосрочных инвестиций и сбалансированному развитию экономики.

Формируя условия, важные для социального благополучия и экономического развития, денежно-кредитная политика, тем не менее, не может быть основным источником экономического роста. Решающее значение для укрепления фундамента устойчивого роста, для диверсификации экономики, снижения ее зависимости от внешних условий будут иметь меры структурной политики при сохранении стабильности государственных финансов.

Меры денежно-кредитной политики эффективны для сглаживания отклонения от долгосрочных тенденций в экономике, в т.ч. возникающего под действием различных макроэкономических шоков.

При принятии решений по базовой ставке Национальный Банк учитывает потенциальное влияние на реальный сектор, содействует реализации экономической политики Правительства, если это не противоречит выполнению основных функций Национального Банка. В этой связи, в текущих условиях Национальный Банк проводит дезинфляционную денежно-кредитную политику. Данная политика является абсолютно обоснованной и адекватной в условиях, характеризующихся преобладанием проинфляционных факторов.

Устанавливая уровень базовой ставки, Национальный Банк влияет на рост цен только через определенное время (1-2 года). Соответственно, в ближайшей перспективе базовая ставка будет поддерживаться на текущих уровнях для замедления и планомерного снижения инфляции.

Заметного негативного влияния высокой базовой ставки на темпы кредитования не наблюдается. По итогам 2022 года кредиты экономике от банков второго уровня составили 22,8 трлн тенге. Рост за 2022 год составил 23,3%. Кредиты юридическим лицам также выросли на 11,5% до 8,7 трлн тенге, в том числе кредиты субъектам малого предпринимательства – на 22,8% до 4,5 трлн тенге.

Параметры развития реального сектора также не демонстрируют признаков ухудшения. Рост ВВП Казахстана за 2022 год, по предварительным данным, составил 3,1%. Растет предпринимательская активность. К примеру, в 2022 году было зарегистрировано 507 тыс. предприятий, что на 5,3% больше чем годом ранее. Число действующих предприятий также выросло на 13,2%.

Смягчение денежно-кредитной политики в текущих условиях нецелесообразно. Несмотря на возможный краткосрочный положительный эффект на экономический рост, оно приведет к серьезным негативным последствиям:

1) Необоснованно низкая доходность тенговых активов на денежном рынке в сравнении с высокой инфляцией станет причиной смены валютных предпочтений, как у профессиональных участников финансового рынка, так и у населения, что, в свою очередь, будет приводить к росту девальвационных ожиданий и ослаблению тенге. Как следствие, возобновится процесс долларизации и усилятся инфляционные процессы. Также снизится ресурсная база банковской системы в результате оттока средств с тенговых депозитов. Это существенно увеличит риски в части обеспечения финансовой стабильности.

2) Снижение базовой ставки, скорее всего, не приведет к сопоставимому снижению банковских кредитных ставок. Рост инфляции и инфляционных ожиданий, высокий спрос на кредиты и быстрое исчерпание качественных заемщиков будут способствовать увеличению премии за риск.

3) Сместятся предпочтения субъектов экономики в сторону потребления. Высокий потребительский спрос будет дальше разгонять инфляционные процессы и в конечном итоге снижать реальные доходы населения.

2. По вопросам государственного участия в экономике, рыночному финансированию и повышению конкуренции в банковском секторе

Национальный Банк согласен с представленной в запросе позицией о необходимости структурных преобразований и со своей стороны отмечает важность следующих вопросов: снижение импортозависимости, сокращение участия государства в экономике, повышение доли рыночного финансирования, повышение сбалансированности фискальной политики и пересмотр государственных механизмов поддержки экономики. Это не только обеспечит устойчивый рост экономики, но также существенно улучшит контроль над инфляцией, повышая эффективность проводимой Национальным Банком денежно-кредитной политики. В соответствии со Стратегией денежно-кредитной политики до 2030 года совместно с Правительством начата планомерная реализация мер по указанным направлениям.

В рамках снижения доли участия государства в кредитовании экономики Национальный Банк, со своей стороны, продолжает процесс выхода из государственных программ. Это важно ввиду того, что дальнейшее участие в мерах поддержки экономики противоречит его задачам и несет существенные риски обеспечения ценовой стабильности. В 2021 году было прекращено финансирование 5 из 7 программ. Бюджет завершенных программ составил 2,6 трлн. тенге.

В будущем ожидается завершение еще 2 программ:

– «7-20-25», которая будет продолжена в рамках реализации предвыборной программы Президента Республики Казахстан «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого. Сейчас и навсегда», утвержденной Указом Президента РК от 26 ноября 2022 года №2;

– «Экономика простых вещей», направленной на импортозамещение и создание новых производств. С учетом продления программа будет действовать до конца 2023 года.

В дальнейшем участие Национального Банка в проектах льготного финансирования не планируется. Национальный Банк продолжит работу по созданию необходимых условий и стимулов для кредитования экономики субъектами финансового сектора на рыночных условиях.

Дополнительно следует отметить, что Соглашением о координации мер макроэкономической политики на 2021 – 2023 годы¹ между Правительством, Национальным Банком и Агентством по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство) предусмотрено поэтапное прекращение государственной поддержки субъектов предпринимательства путем разработки Дорожной карты на пятилетний период.

Реализация Дорожной карты в среднесрочной перспективе будет способствовать сокращению объемов финансовой поддержки государством

¹ одобренной постановлением Правительства РК от 23 февраля 2021 года № 90

предпринимательства и переходу к косвенным, не денежным инструментам поддержки и развития экономики.

Для разрешения вопроса доминирующего положения отдельных институтов и усиления конкуренции на финансовом рынке предусмотрены либо реализованы следующие мероприятия (со стороны Агентства и совместные инициативы с участием Национального Банка):

- введен упрощенный механизм конвертации крупных МФО в банки;
- разрешен вход иностранных банков путем открытия филиалов в рамках вхождения Казахстана в ВТО;
- на этапе реализации находится внедрение технологии Open API и Open Banking для предоставления равных конкурентных возможностей всем участникам финансового рынка;
- планируются меры по стимулированию создания коммерческих финансовых маркетплейсов.

Председатель

Г. Пирматов

Исп: Джаржанов М., тел.: +7 (717) 2775606 (1719)